

АЛМАТЫ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№18 (132) 17 сәуір 2026 жыл

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

AMANAT ПАРТИЯ ЖОБАСЫ – АШЫҚТЫҚ КЕПІЛІ

Алматы облысында тұрғын үй қоры кеңейіп, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласы жүйелі түрде дамып келеді. «AMANAT» партиясының көпкөпәтерілі тұрғын үйлер мәселесін шешуге арналған жаңа «TURGYNDAR AMANATY» жобасы алдағы кезеңде облыс өңірлерінде кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады. Осыған орай аталмыш жобаның мақсат-міндеті мен бағыты жайында «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының төрағасы Қуат БАЙҒОДЖАЕВпен әңгімелескен едік.

– Қуат Сұлтанұлы, «AMANAT» партиясы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси тірегі ретінде барлық бастаманы өңірлерде ойдағыдай іске асыруға, халыққа түсіндіру және ашық талқылау жұмысын жүргізуге ерекше мән беріп келеді. Осы ретте ел Президенті тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын жаңғыртуды стратегиялық басымдық ретінде айқындады. Инфрақұрылымды басқарудың тиімді, ашық әрі жауапты жүйесін қалыптастыру жөнінде нақты міндеттер жүктелді. Осы орайда партияның қолға алып жатқан «TURGYNDAR AMANATY» жобасының басты мақсат-мүддесі неде деп ойлайсыз?

– Жобаның алға қойған басты мақсаты тұрғын үйді басқару ісін жүйелеуге, ашықтықты арттыруға және ең бастысы тұрғындарды шешім қабылдау үдерісіне тартуға бағытталмақ. Тұрғындар, басқарушы ұйымдар мен мемлекет арасындағы байланыс мәселесін талқылаумен шектелмей, оны жүйелі түрде шешуге жол ашатын болады. Жобаның ауқымын кеңейту және тәжірибесін жетілдіру мақсатында ел аумағында семинар-форумдар ұйымдастырылып жатыр. Онда тұрғын үй қатынастары туралы заңды жан-жақты түсіндіріп, көпкөпәтерілі үйлерді басқару қызметінің ашық әрі нәтижелі болуына бағытталған практикалық нұсқаулар беріледі. Осы тәжірибелер алдағы уақытта Алматы облысында да кеңінен қолданылатын болады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы инфрақұрылымын басқарудың жаңа моделін қалыптастыруды көздейтін реформалар әрбір қала тұрғынының өмір сапасына тікелей әсер етеді. Жоба тарифтерге, абаттандыруға, жарықтандыруға, лифтілерге, интернетке, қауіпсіздік мәселелеріне қатысты жүйелі шешімдер қабылдануына ықпал етеді.

Баса назар аударатын жайт, тұрғын үй қызметтері үшін төлем көлемі жылдан жылға өсуде. Алайда көпкөпәтерілі секторды басқару мәселелерінде түсініксіз шығындардың артуы, басқарушы компаниялардың қызметіне бақыла-

удың болмауы, инженерлік желілердің ескіруі жүйелі сипат ала бастады. Тұрғындардың өз қаражатының қайда жұмсалып, ол үшін кімге жауапкершілік артылатынын толық білмей отыруы да жасырын емес.

Осы қордаланған мәселелердің жүйелі шешімін табу жолында «AMANAT» партиясы қолға алып отырған «TURGYNDAR AMANATY» жобасының өзектілігі арта түседі. Жоба тұрғын үйді басқару ісін жүйелеуге, ашықтықты арттыруға және ең бастысы тұрғындарды шешім қабылдау үдерісіне тартуға бағытталатын болады. Ол тұрғындар мен басқарушы ұйымдар және мемлекет арасындағы байланыс көпіріне айналып, мәселені талқылаумен шектелмей, оны жүйелі түрде шешуге жол ашады деп есептеймін.

– «AMANAT» партиясы халықпен тікелей байланыс орнатып, тұрғындардың ұсыныс-пікірін ескеру арқылы нақты нәтижеге қол жеткізеді демексіз ғой.

– Иә, олай дейтінім, «TURGYNDAR AMANATY» жобасы аясында көпкөпәтерілі тұрғын үйлерді басқару жүйесін жетілдіру, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету, тұрғындардың шешім қабылдау процесіне белсенді қатысуына жағдай жасау бағытында нақты жұмыстар жүргізілетін болады. Сонымен қатар басқару процесінің цифрландыруға, сервистік қызмет сапасын арттыруға және тұрғындар мен басқарушы ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды күшейтуге ерекше назар аударылмақ. Негізінде бұл жоба қаланың тыныс-тіршілік ортасын заманауи, қауіпсіз әрі жайлы етуге бағытталып отыр. Мұнда тұрғындар өз ауқанды көркейту ісіне тікелей атсалысуға мүмкіндік алады.

– Бүгінде осы жоба аясында ел көлемінде қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Жалпы, «TURGYNDAR AMANATY» жобасы аясында республика көлемінде бірқатар нақты жұмыстар қолға алынды. Атап айтқанда, 707 МИБ және ПИК төрағалары «OSIskills» семинарлары шеңберінде практикалық оқудан



өтті. Оған коммуналдық қызметтер өкілдері қатысып, қолданыстағы заңнама бойынша түсіндірме берді. Қатысушылар ортақ мүлікті ашық әрі тиімді басқаруға қажетті дағдыларды меңгеріп, басқарушылық құзыреттерін арттырды. Сонымен қатар көпкөпәтерілі тұрғын үйлердің аулаларында сенбіліктер ұйымдастырылып, ағаштар отырғызылды. Бұдан бөлек, балаларға арналған ойын және спорт алаңдары пайдалануға беріліп, онда спорттық іс-шаралар өткізілді. Сондай-ақ бір мандатты округтерден сайланған мәслихат депутаттарының тұрғындармен есептік кездесулері ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар жобаның тұрғын үйді басқару мәдениетін жаңғыртуға, ашықтықты күшейтуге және тұрғындардың ортақ іске белсенді араласуына жол ашып отырғанын көрсетеді.

– Қоғамдағы өзекті тақырыптардың бірі – көпкөпәтерілі тұрғын үйлерді тиімді басқару. Өңірдегі тұрғын үйді басқару жүйесін жетілдіруге, өзекті мәселелерді ортаға салып, тиімді шешімдер қабылдауға қаншалықты тың серпін бере алады деп ойлайсыз?

– Облысымызда 2 473 көпқабатты үй бар. 153 МИБ пен ПИК, КПТУ тіркелген. «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалы базасында жобалық кеңес құрылады. Бұл кеңес құрамына облыстық мәслихат депутаттары, МИБ, ПМК, КПТУ басшылары, мемлекеттік емес қоғамдық ұйым өкілдері кіреді. Кеңес тұрғын

үй қызметтері үшін төлем көлемі мен түсініксіз шығындардың артуы, басқарушы компаниялардың қызметі, инженерлік желілердің тозуы, аулалардың күтімі секілді қордаланған мәселелердің жүйелі шешімін табу жолдарын қарайтын болады.

Партияның облыстық қоғамдық қабылдауларында тұрғындар инфрақұрылымның ескіруіне, басқару деңгейінің төмендігіне және ашықтықтың болмауына қатысты мәселелерді жиі көтеріп келеді. Міне, бұл орайда ең бастысы, жұмыс тұрғындармен кері байланысты күшейтуге қажеттілікті айқындап береді. Себебі МИБ және ПИК төрағалары тұрғындармен тікелей жұмыс істеген соң нақты мәселелерді жақсы біледі. Сондықтан олардың ұсыныстары саланы дамыту ісінде маңызды рөл атқаратындығына сенімім зор.

– Келесіте облыс көлемінде жобаға сәйкес қандай маңызды жұмыстар күтіп тұр?

– Алдағы уақытта МИБ төрағаларын оқыту, құқықтық және консультациялық қолдау көрсетуге басымдық берілмек. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының аясын кеңейту, цифрландыру және кері байланысты қамтамасыз ету, сондай-ақ тұрғын үй жағдайын күтіп-ұстау жұмыстары ұйымдастырылатын болады. Бір сөзбен айтқанда, «TURGYNDAR AMANATY» жобасы оқыту, қолдау және бастамаларды қаржыландыру сияқты нақты құралдарды ұсынатын болады. Нәтижесінде кәсіби әрі мәселелерді нақты шешуге бағытталған жаңа басқару мәдениеті қалыптасады.

Бұған дейінгі диалог алаңы тұрғындардың талап-тілегі мен ұсыныстарын тыңдауға, сенімді нығайтуға мүмкіндік берді. Енді осы тәжірибені кеңейту және жетілдіру негізінде облыс көлемінде де жүйелі жұмыстар қолға алынбақ. Жобаның ауқымын кеңейту және тәжірибесін жетілдіру мақсатында ел аумағында семинарлар өткізілуде. Жиындарда көпкөпәтерілі тұрғын үйлерді басқару ісін жетілдіру, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы тәжірибе мен бастамалар кенінен талқылануда. Бұл тәжірибе алдағы уақытта Алматы облысында да кеңінен қолдау тауып, іске асырылатындығына шүбәсіз сенемін.

– Әңгіменізге рахмет. Партия жобасы бүгінгі күні қала тұрғындары тарапынан кен қолдау табуда. Сондықтан ел үмітін ақтайтын жүйелі шешімдер қабылдануына тілектеспіз.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.

КОНФЕРЕНЦИЯ БАҒДАРЫ

Үш жылдық белес: ТӘЖІРИБЕ МЕН ТАҒЛЫМ

Қазақ қоғамында аға ұрпақ өкілі саналатын ардагерлердің ролі мен орны айрықша. Олар-елдің бастан кешкен тарихи кезеңдерінің тірі куәсі, ұлттың рухани тірегі, өнеге мен тәрбиенің қайнар көзі. «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» деген нақыл сөз тегін айтылмаса керек. Ардагерлер-тек өткеннің естелігі ғана емес, бүгінгі мен болашақтың арасын жалған тұрған алтын көпір.



Бұл беріп отырған анықтамамыздың Алматы облысының ардагерлеріне де қатысы бар. Бүгінгі күн биігінен соңғы үш жыл бедеріне көз салсақ, олар атқарған істердің ұшан-теңіз екеніне көз жеткізуге болады. Бұл туралы сәуір айының оны күні Іле ауданының орталығы саналған Өтеген батыр кентінің Н.Тілендиев атындағы Мәдениет үйінде өткен облыс ардагерлерінің ІІ конференциясында кеңінен сөз болды.

Осы конференция жұмысына қатысуға 102 делегат сайланған болатын. Олардан бөлек осы шараға Алматы облысы әкімінің орынба-

сары Ғани Айдарұлы Майлыбаев, облыстық мәслихат төрағасы Қуат Сұлтанұлы Байғоджаев, аймақтың атқарушы органдарының басшылары, облыстық мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйымдар мен ардагерлер бірлестіктерінің жетекшілері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Алматы облысы Ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов модераторлық міндетті мойнына алып, конференция жұмысын өзі жүргізіп отырды. Аймақтық ардагерлер басшысы өз жұмысын ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,

Қазақстанның Еңбек Ері, «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің төрағасы Б.С.Ізмұқамбетов пен Атырау облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы М.С.Өтешовтің осы конференция Президиумы мен делегаттарына құттықтау жедел хаттарын жария етуден бастады.

Конференцияның одан кейінгі жұмысы делегаттардың өкілеттіктерін және конференцияның сапалық құрамын анықтаудан басталды. Мандат комиссиясы конференция жұмысының заңдылығын қамтамасыз ететін маңызды орган болып табылатын-

дықтан бұл мақсатта мандат комиссиясын сайлау қажет. Мандат комиссиясын үш кісіден тұратын құрамы ұсынылып, оларға делегаттар дауыс беріп, ұсынылған құрам бір ауыздан сайланды.

Келесі мәселеде конференцияның күн тәртібі бекітілді. Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің І конференциядан кейінгі кезеңде атқарған жұмыстары мен алдағы міндеттер туралы, Алматы облысы Ардагерлер кеңесінің тексеру комиссиясының есебі және сайлау мәселесі секілді мәселелер қаралатын болды.



Сайлау мәселесі аясында облыстық ардагерлер ұйымының Пленум мүшелерін сайлау, облыстық ардагерлер ұйымының тексеру комиссиясын сайлау, «Республикалық Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің кезекті ІХ съезіне делегаттар сайлау секілді шешімдер дауысқа салынбақшы.

Одан кейін сөз кезегін алған мандат комиссиясының төрағасы Қалдықұл Айсина конференция делегаттарының өкілеттіктері мен құрамы жайлы хабарлама жасап, ол мәселе делегаттардың дауыс беруімен бекітілді.

Конференция жұмысында алғашқы сөз кезегін алған Алматы облысы әкімінің орынбасары Ғани Айдарұлы Майлыбаев осы конференция жұмысына қатысуын өзіне мәртебе санап, құттықтау тілегін жеткізді.

– Сіздер халық арасында жүріп, ел бірлігін нығайтуға, маңызды шешімдерді қолдауға зор үлес қосып жүрсіздер. Осы ретте Алматы облыстық Ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлының Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының Алғыс хатымен марапатталуын баршаңыздың еңбектеріңіздің ортақ жемісі деп қабылдап отырмын. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табатынына сенімдімін. Себебі ардагерлер-қоғамдағы тұрақтылықтың, парасаттылықтың және сабақтастықтың тірегі.- деді өз сөзінде әкім орынбасары.

(Жалғасы 2-бетте)

● КОНФЕРЕНЦИЯ БАҒДАРЫ

Үш жылдық белес: ТӘЖІРИБЕ МЕН ТАҒЛЫМ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Алматы облысы Ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов үш жыл белесіндегі атқарған жұмыстары мен алдағы міндеттері туралы туралы ақымды баяндама жасады. Оның толық нұсқасы газетіміздің өткен санында берілгендіктен қайталауды жөн таппадық.

Төраға орынбасары Илияс Сейітбекұлы Сүгіров есепті кезең аралығында атқарылған барлық іс шараның қаржылық жағына шолу жасап, тексеру комиссиясының есебін берді.

Баяндамалар аяқталған соң талқылау басталды. Алғашқы сөз кезегін алған ардагерлер ұйымы Қарасай аудандық филиалының төрағасы Сағат Мәсімақынов өз ауданында аудандық ардагерлер ұйымы мүшелерінің есепті кезең ішіндегі атқарған жұмысына есеп берді. Атап айтар болсақ, 2023 жылы Қарасай топырағында «Атадан қалған асыл сөз» облыстық конференциясы, келесі жылы «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігінің құрылуы мақсатындағы конференция өтсе, 2025 жылы «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің өмірге келу конференциясы өтіпті.

Одан бөлек ауданда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал адам, адал еңбек, адал табыс» атты еңбегін жастарға таныстыру, «Іскерлік және жанашырлық» бағдарламасын жүзеге асыру бағытында жұмыстар жасалыныпты.

Осындай жұмыстар Жамбыл ауданында да жүргені анық. Ол жөнінде жарыссөзге шыққан аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Батырхан Меңдібаев та атап-атап өтті.

Белсенді жұмыс ырғағымен көзге көрініп, облыстық Ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлының баяндамасында аталып өткен Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылының ардагерлері атқарған жұмыстар да баршылық. Ол жөнінде ауыл ардагерлер ұйымының төрағасы Әбілбек Айтақынов айтып өтті.

Жарыссөз бойынша мінбеге көтерілген Қарасай аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ұлтұсын Бархинова да өз саласы бойынша атқарылған жұмыстары ортаға салып, тілге тиек етті.

Облыстық мәслихат төрағасы Қуат Сұлтанұлы Байғоджаев Ардагерлер ұйымының үш жылдық жұмысына өзінің оң бағасын берді. Беріп қана қойған жоқ, алда ел өмірінде ардагерлер атқаратын жұмыстардың, міндеттердің әлі де болса көп екендігін, сол жолда аға буын өкілдеріне үлкен табыстар тіледі.

Жарыссөзге шыққан делегаттардың барлығы да облыстық Ардагерлер ұйымының есепті мерзім ішінде атқарған жұмыстарына қанағаттанарлық деген баға берді.

Үшінші мәселеде жоғарыда айтып өткеніміздей, Сайлау мәселесі аясында облыстық ардагерлер ұйымының Пленум мүшелерін сайлау, облыстық ардагерлер ұйымының тексеру комиссиясын сайлау, «Республикалық Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің кезекті ІХ съезіне делегаттар сайлау секілді шешімдер дауысқа салынды. Одан бұрын об-

лыстық Ардагерлер ұйымының Пленум мүшесіне ұсынылған кандидаттардың тізімін Ұйғыр ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Ербол Нұрсейітов таныстырып өткен болатын.

Тексеру комиссиясының құрамы үш адамнан болды. «Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің ІХ съезіне он делегат сайланды. Олардың тізімдері дауыс беру нәтижесімен бекітілді.

Ардагерлер жұмысында ерекше белсенділік танытқан жекелеген аудандардағы ардагерлер еңбектері арнайы аталып, оларға Алматы облыстық Ардагерлер ұйымының Алғыс хаттары берілді.

Осымен Іле ауданындағы Н.Тілендиев атындағы Мәдениет үйінде өткен Алматы облыстық Ардагерлер ұйымының кезекті конференциясының ресми бөлімі өз жұмысын аяқтады.

Одан кейін келген қонақтар, ардагерлер «Париж холл» мейрамханасында облыс әкімінің ардагерлердің құрметіне жайған дастарханының басында бастарын қосты.

Ардагерлер кеңесінің үш жылдық белесі бізге не берді, не көрсетті? Қол жеткен нәтижелер бізді марқайтса, алдағы міндеттер жаңа жеңістерге жігерлендіре түсті. Бүгінгі әңгімеміздің тақырыбын «Үш жылдық белес: тәжірибе мен тағлым» деп алдық. Бекер емес. Осы жылдар ішінде Ерболат Сапарұлы басқарған облыстық Ардагерлер ұйымы өткен жолынан тәжірибе жинады, келер жолынан тағлым алатын болды.

Бүгін болған іс ертең тарихқа айналатыны рас болса, Алматы облысы ардагерлерінің өмірінде елеулі өзгеріс, жаңалық болып енген 2023 жылдан басталған жаңа тарих болашаққа жол тартқан секілді. Ардагерлер жолы-ұрпаққа үлгі. Өткеннің өнегесі-бүгінгі күннің берекесі. Үш жылдық еңбек-құрметке лайық қызмет. Өткен үш жыл-тағлымы мол кезең.

Бұл жолдың тарих бетінен өшпейтіні анық болса, сол тарихты қолмен жасаған, келешекте жасай беретін ардагерлер еңбегі де ұмытыл-



СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы. Іле ауданы.

май, тарихта қалары анық. Сол күндердің қабырғасын қалап жатқан бүгінгі ардагерлеріміз аман болсын. Біз бірге болсақ әлі талай қамал алатынымыз анық. Конференция туралы әңгімемен осындай бір үкілі үміттің жетегінде аяқтағым келді. Жүрегімізге жалау еткен бүгінгі ардагерлеріміз ертең ақиқатқа айнала берсін. Сол ақиқатқа толы жеңіс күндерін бәрімізге көруге жазсын.

● ИТОГИ

II конференция ветеранов области состоялась на днях в Отеген Батыре, в новом Доме культуры имени Нургисы Тлендиева. Делегаты из районов (да и, к слову, многие илийцы) увидели его впервые и высоко оценили современный объект культуры, ставший настоящим украшением районного центра.



Единство поколений – залог стабильности общества



Но вернемся к конференции. В её работе приняли участие 102 делегата. Из высоких гостей были: заместитель акима Алматинской области Гани Майлыбаев, председатель областного маслихата Қуат Байғоджаев (оба выступившие на данном мероприятии), депутаты областного маслихата, руководители общественных и ветеранских организаций, представители СМИ.

Модератор встречи Ерболат Турумбетов перед началом выступлений читал телеграммы, пришедшие участникам конференции. Приветственные сообщения поступили от депутата Мажилиса Парламента РК, председателя Центрального совета РОО «Организация ветеранов» Б. С. Измухамбетова и председателя Атырауского областного совета ветеранов М. С. Утешева.

На повестке дня были следующие вопросы: отчёт о проделанной работе областного Совета ветеранов, отчет ревизионной комиссии, а также выборы открытым голосованием новых членов Президиума областного совета, членов ревизионной комиссии и делегатов на предстоящий IX съезд Организации ветеранов Республики Казахстан в Астане. Все выступающие оценили работу областного совета ветеранов на удовлетворительно.

Приведём кратко выступление председателя Совета ветеранов Алматинской области Ерболата Турумбетова: «Уважаемые участники конференции, коллеги! Сегодня мы подводим итоги работы за последние три года и

определяем задачи на будущее. Этот период стал временем важных реформ и обновлений в Казахстане, направленных на построение справедливого общества и повышение благосостояния граждан. Внесённые изменения в Конституцию усилили социальную справедливость, защиту прав граждан и укрепили роль ветеранов в обществе. Ветераны остаются важной опорой общества и наставниками для молодёжи. За отчётный период организация ветеранов Алматинской области провела значительную работу по улучшению социального положения ветеранов и их вовлечению в общественную жизнь. Были созданы районные и первичные организации, реализованы культурные и социальные проекты. Особое внимание уделено работе с молодёжью. Создано объединение «Алатау жастары», которое стало площадкой для диалога поколений, патриотического воспитания и обмена опытом. Значимые мероприятия были посвящены 80-летию Великой Победы, включая памятные акции, конкурсы и патриотические проекты. Также реализуются инициативы по укреплению семейных ценностей, поддержке женщин («Асыл ана»), профилактике наркомании и развитию здорового образа жизни.

Важным шагом стало создание собственной ветеранской газеты «Алатау ардагері», которая стала информационной площадкой для ветеранов и молодёжи. Издание, к слову, является единственным своего рода во всей республике.

В области активно развиваются центры активного долголетия, помогающие пожилым людям сохранять здоровье и социальную активность. В целом работа за три года была результативной. Ветераны продолжают вносить вклад в воспитание молодёжи, укрепление стабильности и сохранение национальных ценностей.

Перед нами стоят новые задачи, и их успешное решение зависит от нашего единства и активности».

Также ряд участников конференции от областного Совета ветеранов были награждены благодарственными письмами и званием «Почётный ветеран Алматинской области».

Рамазан ЕЛЕШЕВ
с. Отеген батыр.

● БАТА, ТІЛЕК - ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗЫҒЫ

ЕҢ МЫҚТЫ БАТАГӨЙ – ҚОНАЕВТА

«Ауыл» партиясының бастамасымен ұлттық мұраны ұлықтаған «Батамен ел көгерер» атты республикалық байқауы 2023 жылдан бері ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақ халқының рухани мұрасы - бата беру дәстүрін жаңғырту және жас ұрпақтың бойына тәрбиелік мәні жоғары сөз өнерін сіңіру мақсатында ұйымдастырылып келеді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, аталған байқау басталғалы 900-ге жуық бата-тілек жинақталған. Биылғы онлайн форматта өткен байқауға Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі ауыл-ауылдардан 508 батагөйлер тіркелген.

Олар ел мен жер, әділетті қоғам, адал азамат тақырыбын арқау етіп, жас ұрпаққа өсиет айтты. Оған белгілі мамандар, филологтар, этнографтар бағасын беріп, өңірлік кезеңнен жеңімпаз болған 60 жүлдегерлердің арасынан республикалық кезеңге жолдама алған жеңімпаздары анықтаған болатын.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің Мәжіліс залында «Батамен ел көгерер» республикалық батагөйлер байқауы жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Салтанатты жиынға қоғам және мемлекет

қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, мәдениет саласының мамандары мен батагөйлері қатысты.

Іс-шара барысында қазылар алқасының шешімімен Ыбырай Алтынсарин төсбелгісінің иегері, Әлем Халықтары Жазушылары одағының мүшесі, осы одақтың «Құрмет иесі» медалі мен Халықаралық Дінмұхамед Қонаев қорының «Мерей» орденінің иегері, бірнеше республикалық, облыстық, қалалық жазба ақындардың жыр мүшәйрасының жүлдегері, «Жалғыз жарық», «Тасқа тұнған тамшылар», «Өмірімнің өрнегі» атты жыр жинақтарының авторы – Қонаев қаласының аузы дуалы, сөзі уәлі батагөйі Берік Байлов жеңімпаз атанып, бірінші орынды олжалады. Екінші орынды Ақтөбе облысы,



Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылының тұрғыны Жексенбай Алғазин, үшінші орынды Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Бауыржан Момышұлы ауылының ардагері Сейтқазы Медетбек иеленді

- Бата-тәлім мен тәрбиенің тіні, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мұра. «Ауыл» партиясы дәстүрді дәріптеу мақсатында қолға алған осы байқауға 2024, 2025 жылдары қатысып, облыста екі жыл қатарынан екінші орынды иемденген едім. Республикалық «Батамен ел көгерер» байқауына бірінші рет қатысып отырмын. Алдымен облыстық кезеңде топ жарып, республикалық байқауға жолдама алдым.

Астанада өткен байқауда қазылар алқасы берілген батаның мағынасына, қадір-қасиетіне баса назар аударумен қатар, авторлық қолтаңбаға басым баға берді. Бағымыз бен бабымыз қатар шауып, ең алдымен Жаратқан Иеміздің арқасында, одан кейін ел-жұртымыздың дұға-тілектерінің арқасында Алматы облысы бірінші орынды иемденіп, бұл жолы да жұлдызымыз оңынан туды, - деді байқау жеңімпазы Берік Байлов бізбен әңгімесінде.

Қонаев қаласының батагөйлері республикада осымен екінші мәрте топ жарып, бас жүлдені иемденіп отыр. 2024 жылы Шеңгелді ауылының батагөйі Бақытжан Атақелдиев бірінші орынды олжаласа, былтырғы жылы «Манкент» шипажайына жолдама алып, жеңісті үстемелеген болатын.

Назгүл НҮРСЕЙІТ.

● КЕЗДЕСУЛЕР

ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Еліміз егемендік алған күннен бастап, бүгінгі күнге дейін «Халық Қаһарманы» атағын алғандар саны-34, «Еңбек Ері» атағын алғандар саны-48, барлығы-82 болса, қазіргі таңда 48 ардагер арамызда бар. Соның ішінде 25-тен аса «Халық Қаһармандары» мен «Еңбек Ерлері» Алматы қаласында өткен жиынға келіп қатысты.

2024 жылы 28-29 қарашасында Алматы қаласында «Тәуелсіз Қазақстанның Халық Батырлары» республикалық қоғамдық бірлестігінің III конференциясы өтті. Бұл шараға бірлестік өкілдері, қоғам және мемлекет қайраткерлері, сондай-ақ жастарға үлгі боларлық танымал әскери оқытушы ұстаздар қатысты. Конференция аясында ұйымдастырылған кездесулер мен іс-шаралар жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және ел қорғаушыларын насихаттау мақсатында өткізілді. Конференцияның алғашқы күні Алматы қаласындағы панфиловшылар саябағында басталды. Кеңес Одағының Батыры «Халық Қаһарманы» ел мақтанышы Б. Момышұлының ескерткішіне, мәңгілік алауға және Ауған соғысы ардагерлерінің ескерткіштеріне гүл шоқтары қойылды. Бұл салтанатты рәсім батырлардың рухына тағзым етіп, олардың ұлы ерліктерін тағы бір мәрте еске алуға арналды.

Аңызға айналған батырларымыздың есімін мәңгілікке жаңғырту, олардың аманатын жастарға жеткізу конференцияның басты мақсаты болды. Іс-шараға қатысқан «Халық Қаһармандары», «Халық Батырлары» генерал-полковник С. Токпақбаев, генерал-лейтенант Б. Ертаев, запастағы подполковник А. Жұмаділов, «Еңбек Ерлері» А. Миразова, Г. Нұрпейісова, Олимпиада чемпионы Е. Ибраимов сынды азаматтар жас буынмен жүздесіп, отансүйгіштік, ерлік туралы ойларымен бөлісті. Қоғамда батырлықтың, адалдықтың, елге қызмет етудің маңызын жеткізе отырып, жас ұрпақты жігерлендірді.

Келесі кезекте басқосу Алматының білім ордаларында мазмұнды кездесулермен жалғасын тапты. Конференция делегациясы Алматы қаласының № 178 мамандырылған лицейіне барып, оқушылардың оқу жетістіктерімен танысты. Білім ордасының тәрбиелік бағыты,



шәкірттердің әскери дайындыққа деген ерекше ынтасы баршаны таңғалдырды. Алматы қаласына жақын орналасқан «Арыстан» мамандандырылған әскери лицейіндегі кездесулер де есте қаларлықтай өтті. Оқушылар қонақтарға өз жетістіктерін көрсетіп, ел болашағын қорғау жолындағы алдағы жоспарларын ортаға салды. Кездесу соңында лицей түлектерінің арнайы дайындаған концерттік бағдарламасы қатысушыларды ерекше әсерге бөледі. Конференциядан алған рухани азық жас буынның жүрегінде отансүйгіштік сезімін оятып, болашақта олардың

да батырлық жолға түсуіне жол ашады деп сенеміз.

Алматы қаласындағы «Ардагер» республикалық қоғамдық одағы төрағасы подполковник С. Баймолдиннің ұйымдастыруымен Ауған соғысының ардагерлері мектепке келіп кездесу-жиынға қатысты. Атап айтсақ, облыс, республика деңгейінде өткен кездесу-жиынға шақырумен Ауған соғысына қатысқан «Халық Қаһарманы» генерал-лейтенант Б. Ертаев, генерал-лейтенант Р. Миратұрдиев, генерал-майор С. Қазақбаев, полковник Б. Керімбаев (Қара майор), подполковник С. Баймолдин, А.Қа-


лиев Ауған соғысы ардагерлері П. Хижняк, Б. Смағұл, М. Қойлыбаев, Б. Сайлан, М. Абдушукуров, А. Танабаев, Б. Дәркенбаев, Б. Жолдасбаевтар бастаған Есік қаласы мен Шелек аймағындағы Ауған соғысының ардагерлері қатысты. ТМД елдеріне танымал полковник Б. Керімбаевтың жауынгерлері кездесуге келіп қатысты.

Жалпы 150-ден аса Ауған соғысы ардагерлері жылда кездесуге келеді. Мектепте өткен кездесу-жиыннан кейін облыс, аудандарынан келген оқушылар үшін мектептің спорт залында бокс, күрестен екі-үш күнге жалғасқан жарыс өткізуді дәстүрге айналдырдық. Жарысқа қатысқандар генерал бастаған ардагерлердің қолынан медаль, бағалы сыйлықтармен бірге мадақтамамен марапатталды.

Осындай басқосулардың, ұйымдастырылған шаралардың алға қойған мақсаттары жас ұрпақ бойына отансүйгіштік, патриотизм дәннің егу болып табылады. Осы бағыттағы жұмыстар келешекте де өз жалғасын таба беретін болады.

Әсет КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
ардагер ұстаз.
Ащыбұлақ ауылы.
Еңбекшіқазақ ауданы.

● ЖАС ТАЛАП



Қаламының қанаты талмасын

Кешеден бері Алматы қаласында Қазақстан Жазушылар Одағының «Қазақ әдебиетінің жарқын келешегі» тақырыбындағы жыл қорытындысына арналған жиыны өтіп жатыр.

Жағымды жаңалықтың бірі Аспантаулар өлкесінен поэзия әлеміне қанат қаққан тағы бір жас қыран Қуаныш Жазай ініміз Жазушылар Одағына мүшелікке қабылданды. Құтты болсын! Қанаты талмасын! Қаламы ұшталып, шабыты шарықтай берсін!

Қуаныш Жазай 1994 жылы Алматы облысы, Райымбек ауданы, Талас ауылында дүниеге келген. Оқушы кезінен өзіндік айтар ойы бар жас ақын мектеп оқушылары арасында өткен Мұқағали Мақатаев атындағы республикалық мүшәйраның бас жүлдегері, Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың иегері. «Толқынға қарсы», «Жыр дария», «Сен мені оят» жыр жинақтарының авторы. Әдебиет порталында өлеңдері мен поэмалары жарық көріп тұрады. Тау етегіндегі шалғай ауылда тауға қарап арман қанатында қиялымен қалықтап жүретін қара баланың ақындық жолына сәттілік тілегіміз келеді.

Елеусіз АХМЕТКЕРІМҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар және
Журналистер Одағының мүшесі,
Райымбек ауданының
Құрметті азаматы.

● МЕРЕЙТОЙ ҚАРСАҢЫНДА

90 ЖЫЛДЫҚКА – 9000 АҒАШ!



Әрбір егілген тал – өткенге тағзым, келешекке аманат. Бұл – табиғатқа деген жанашырлықтың ғана емес, туған елге, жерге деген шынайы сүйіспеншіліктің көрінісі.

Жақсылықтың жаршысы болған бұл шараға ауыл ақсақалдары, ел ағалары, ұстаздар мен жалынды жастар, мектеп бітіруші түлектер бір кісідей жұмылып, ортақ іске үлес

қосты. Бірлік пен берекенің, татулық пен жанашырлықтың үлгісін көрсетті.

Тамыры тереңге бойлаған әрбір жас ағашпен бірге ауданымыздың да келешегі кемелденіп, көркіне көрік қосылғай!

Мерейтойымыз мерейлі, берекесі баянды болсын!
Өз тілшімізден.

Тарихы тағылымға толы Райымбек ауданының 90 жылдық мерейтойы қарсаңында Қаратоған ауылында жүрекке жылу сыйлар игі іс жүзеге асты. «90 жылдыққа – 9000 ағаш» бастамасы аясында жаңа саябаққа жас шыбықтар отырғызылып, туған жердің төсіне жаңа тыныс, жаңа көрік дарыды.

● ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

Экоауқанда қала ардагерлері, мемлекеттік қызметшілер мен жастар, әскери қызметкерлер, депутаттар белсенділік танытты.

Аймақ басшысы өз сөзінде экологиялық тұрақтылық кез келген заманауи мемлекеттің басым бағыттарының бірі екенін атап өтті.

«Қонаев қаласы – облыс орталығы ретінде қарқынды дамып келе жатқан шаһар. Жалпы аумағы 10 гектарды қамтитын «Барыс» экопаркі тек ағаш егетін орын емес, ол – қала тұрғындары мен қонақтары үшін заманауи мәдени демалыс орталығы, жайлы қоғамдық кеңістік болмақ», – деді өңір басшысы.

Экопарк аумағында 200 түп терек егілді. Алдағы уақытта 5 мың ағаш отырғызылып, абаттандыру жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілмек. Сонымен бірге жаяу жүргіншілер жолы салынып, заманауи жарықтандыру жүйелері мен орындықтар қойылады. Жыл соңына дейін экопарк толық пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Өз тілшіміз.

“Барыс” экопаркінің негізі қаланды

Өткен аптада Қонаев қаласында «Барыс» экопаркінің алғашқы ағаштарын егу рәсімі өтті. «Таза Қазақстан» акциясы аясында ұйымдастырылған бұл шараға Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев қатысты.



ЖАЛЫН ЖЫЛДАР-САҒЫМ ЖЫЛДАР

Жарты ғасыр өмірті еш білдірмей...

Әр адамның өмір жолында сыныптас достарының алатын орны ерекше. Оларды әркез іздеп, сағынып жүреміз. Өйткені сыныптастар-біздің жастық шағымызға, бұзықтық пен ерекшеліктерімізге, мектептегі қызықты кездерімізге, алғашқы махаббат пен риясыз сезімдерімізге куә болған жандар. Олар әркез жүрегімізде.

Оқушылық кезең-адам өміріндегі ең ғажап уақыт. Ал ұмытылмас естеліктер сыныптастармен тікелей байланысты. Быыл орта мектепті бітіргенімізге – 50 жыл.

Не деген уақыт шапшаң! Қайта айналып келмейді. Жарты ғасыр әркім өз тірлігімен жүрді. Біз бір

жамандық көрсе, жасмай, ұлдарынан үлкен-үлкен үміттер құтуда. Таниягүл тұрмыс құрғанға дейін Қарғалыдағы кооперативтік училищені бітіріп, мамандығы бойынша жұмыс істеді, өз ісінің шебері.

Таниябек – Таниягүлдің әкесінің інісінің баласы. Таниябектің Қожа



сыныпта жиырма оқушы бірінші сыныпқа бардық. 14 ұл, 6 қыз. Кейін сыныптан сыныпқа "көшпей қалған" оқушыларды әкеп қосқанда жиырмадан астық.

Орта мектепті бітірген соң әркім арман қуып кете барды. Мен 8-сыныпты бітірген соң Жаркенттегі педучилищеге оқуға түстім. 40 жылдан аса мектепте мұғалім болып, зейнеткерлікке шықтым. Педучилищеде, институтта оқыған достармен үнемі байланыстамын.

Сыныптастармен 50 жылдан соң бас қосып отырмыз. Әрқайсысы өмірден өз орындарын тапқан. Біз мектепте "оң қанатты отряд" деген атаққа ие болған едік. Сол "оң қанаттылардың" барлығы бір-бір мамандық иесі атаныпты.

"А" әріпінен тегі басталатын Ақынбаев Мұрат есімді сыныптасым өмірдің ағысымен өз тіршіліктерін дөңгелетіп жүр. Атағұлова Гүлзира көп жыл сауда саласында еселі еңбек етті. Қазір зейнетке шығып, немерелеріне қарап бақытты ғұмыр кешуде.

Бұхарбекова Дәулетхан көп жыл ағарту саласында еңбек етті. Жолдасы Ербол екеуі бақытты өмір кешуде. Дәулетханның өмір жолы-бүгінгі ұрпаққа үлгі.

Таниягүл мен Таниябек те-үлгілі отбасының ұлы мен қызы. Таниягүл біздің сыныпта ең алғаш тұрмыс құрып, отбасындағы үлкен сүйіспеншіліктің үлгісін көрсетіп келеді. Жары Сатыбалды екеуі жарасымды, жақсылық көрсе, тасмай,

деген әкесі Ұлы Отан соғысы кезінде ФЗО-ға барған еңбекшіл адам еді, ұрпаққа үлгі болсын! Таниябек өнер саласын таңдады. Өн салудың, күй шертудің шебері. Талай жерде еңбек етіп, болашақ ұрпақты өнерге баулыды. Таниябек ұл өсірді, қыз өсірді. Жұбайы Гүлбақыт екеуі немерелерінің қызығына бөленуде, әлі де өнерден қол үзген жоқ.

Баймаманқызы Тілеухан мектепте оқып жүргенде өнерлі еді. Қазіргі кезде өнерлі шәкірттер тәрбиелен

етті, қазір демалыста. Жұбайы екеуі-ұл-қыздардың ортасында бақытты отбасы.

Солтақаев Нұрболат – еңбекпен танылған жан. Орта мектепті бітірген соң, азаматтық борышын өтеген. Колхозшы, троллейбус жүргізушісі, сүт шығаратын компанияда моторшы болып істеген. Еңбек жолы сан қилы. Бәріне күш, қайрат керек. Нұрболаттың өмір жолы-өз ұрпағына үлгі.

Төреханұлы Еркін – нағыз шаруақор сыныптасым. Өзінің жеке шаруасын дөңгелетіп жүр. Балалары-жұбайы екеуі сияқты еңбекқор. Ешбір еңбектің қиындығынан қашпайды, өршіл жан.

Орынбайұлы Жеңіс-"туған жерге туынды тік" деген қағиданы ұстанған жан. Барлық жігіттер қалада, Шошанай сияқты қасиетті жерде Жекен өзінің тіршілігін дөңгелетіп жүрген жайы бар.

Күләнда сыныптағы қыздардың ішіндегі ең әдемісі еді. Сыныптас досым Бақдәулет екеуі отау құрды, біз қуандық. Бірақ Бақдәулет бауырым өмірден ерте кетті. Күлән жастай қалған балаларын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өте керемет тәрбие берді. Балалары әр түрлі қызметтерін абыроймен атқарып жүр. Күләнда солардың ортасында бақытты әже боп отыр.

Қожайұлы Еркін өте еңбекшіл. Зейнетке шыққанға дейін Алматыда троллейбус жүргізді. Ерен еңбегі еленді. Ел-жұрт алғысқа бөледі. Жан жары Бағила екеуі ұл, қыз өсіріп, шаттығына бөленіп отыр.

Барлық сыныптас-тарымызды өмірге әкелген ата-апаларының жандары жанатта шалқысын! Бір ғана Бүбі шешеміз ортамызда отыр. Осыған да тәубе! Шүкір етеміз. Бізге білім берген ұстаздарыма сыныптастар атынан алғыс!

"А" деген әріпті білмей мектепке барған біздерді сауатты етіп өсіргендеріңіз үшін басымды иемін. Сол кездегі ұстаздардың еңбегі ұшан-теңіз. Тақта, бормен білім берген ұстаздарыма әлі күнге дейін таңқаламын. Батырлар мен ақындар мекені болған Шошанай ауылы мен үшін ыстық. Міне, біз 50 жылдан соң бас қосқалы отырмыз.

Өмірден ерте кеткен төрт сыныптасымыз мәңгі есте қалады. Бізге сапалы білім, саналы тәрбие берген ұстаздарымыздың жаны жаннатта шалқысын!

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының
Құрметті азаматы.

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

XX ғасырдың ең трагедиялық демографиялық апаты – 1930–1933 жылдардағы ашаршылық пен әлеуметтік күйзеліс кезеңі болды. Бұл демографиялық апат елдің тұрмыс-тіршілігіне ауыр соққы тигізіп, халық санының бұрынғы деңгейі шамамен 40 жылдан кейін, яғни 1969 жылы ғана қалпына келді. Алайда дәл осы қиын жылдары ел ішінде қайта өрлеу, жаңа экономикалық бағыт қабылдау үдерісі басталды. Зауыттар мен фабрикалар салынып, электр станциялары іске қосылды. Осы тұста елдің стратегиялық болашағын айқындаған ұлы құрылыс – Түркістан – Сібір темір жолы еді.

ТҮРКІСІБ ТЕМІР ЖОЛЫ

Алматы облысының мемлекеттік архивіндегі №714 қорда Түркісіб құрылысына қатысты көптеген тарихи құжаттар сақталған. Қор атауы «Алма-Атинский окружной комитет содействия строительству Туркестано-Сибирской железной дороги при совете народных комиссаров Казахской АССР».

Түркістан-Сібір теміржолының құрылысы арнаулы басқармаға жүктеліп, оның бастығы болып В. Шатов тағайындалды. Жолды екі жақтан: солтүстікте Семей жағынан, ал оңтүстікте Луговой стансасы жағынан бастап салуға шешім қабылданды. РКФСР Халком Кеңесі жанынан Жетісу теміржолына «Жәрдем» комитеті ұйымдастырылып, оған құрылыс жұмыстарын табысты жүргізуге жалпылай ықпал ету міндеті жүктелді. Комитет төрағасы болып РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұлов бекітілді. Бұл қызметіне қоса Рысқұлов Түркісіб темір жолын салуда үкімет комиссиясының төрағасы болып, оны 6 жылда аяқтау орнына 4 жылда пайдалануға берілуін ұйымдастырды.

Тұрар Рысқұлов комитет құрамын жасақтауда оған кәсіби шеберлерді тартуға ерекше көңіл бөлді. Бұл ретте Жетісу теміржолын 1917 жылға дейін де салуға қатысқан Петербург жол қатынасы инженерлері институтының түлегі, Уақытша үкіметтің Жетісу облысы бойынша бұрынғы комиссары және Қоқан автономиясы үкіметінің басшысы болған Мұхамеджан Тынышбаев туралы мәселе ерекше мәнге ие еді. 1926 жылы 18 желтоқсанда Т. Рысқұлов Қызылордаға былай деп жеделхат жібереді: «ХКК Нұрмақовқа көшірмесі крайком Голощекинге: Инженер Тынышбаевты білгір маман ретінде «Жәрдем» комитетінің және ЖКХК Құрылыс комитетінің құрамына қосымша енгізуді шалапал отырмыз. Өз пікіріңізді хабарлаңыз». Бұған Голощекин Мәскеуге, ЖКХК-ке жолдаған жеделхатында: «Тынышбаевты енгізуге қарсымыз» деп жауап береді. Әйтсе де Т. Рысқұлов 1927 жылы қаңтарда Алматыға, губерниялық атқару комитетіне, М. Тынышбаевқа жеделхат жолдайды: «Сізді ЖКХК Жетісу-жолы құрылысы бойынша ХКК Комитеті және ЖКХК құрылыс комитетінің

құрамына енгіземіз. Мәскеуде алдын ала жұмыс істеу қажет. Егер келіссеніз, қашан шығатыныңызды хабарлаңыз. Нұрмақовпен келісілді». Шынында да, М. Тынышбаев Түркісіб құрылысын салу барысында білгір маман ретінде қыруар еңбек етті. Осы темір жол құрылысының салуына жауапты 81 қызметкер тағайындалды. Семей губерниясының шегінде Түркістан – Сібір темір жолындағы нақты жұмысшылар санын 7974 құрады.

Жолдың солтүстік бөлігіндегі жер қазу жұмыстары 1927 жылы сәуір айында, ал жол төсеуі – 15 маусымда басталды. 1927 жылы 21 қарашада, ұзақ уақыттық дайындықтан кейін жол төсеу құрылысын оңтүстік бөлігінде де басталды. Ертіс өзені арқылы өтетін теміржол көпірінің салынуы – сол дәуірдің инженерлік жетістігінің көрінісі. Құрылыстың басшысы Шатов мырзаның мәліметінше, тұрақты көпір 1929 жылы толық аяқталған. Ал уақытша понтонды көпір салу шығыны артық деп есептелген. Бұл Түркісбтің ел өміріндегі ерекше орнын байқауға болады. 1931 жылғы 10 наурызда темір жолдың Алматы-Аякөз бөлімі ресми түрде пайдалануға беріліп, Қазақстанның шығысы мен оңтүстігін жалғайтын жаңа экономикалық дәуірдің бастауы болды.

Түркістан-Сібір темір жолының іске қосылуы – Қазақстан экономикасына тың серпін берді. Сібірдің оңтүстік аймақтарын Алтай мен Омбы арқылы Орталық Азиямен байланыстырып, жаңа нарықтарға жол ашылды.

Түркісіб – бұл тек көлік магистралі емес, халықтың еңбегі мен бірлігінің, елдік мақсат жолындағы қажыр-қайратының айғағы.Бүгінгі таңда Түркісіб темір жолы – ел тарихындағы еңбек пен табандылықтың символына айналған нысан. Оның тағылымы – болашақ ұрпаққа өнеге, ал тарихи тәжірибесі – қазіргі Қазақстанның инфрақұрылымдық дамуы үшін мәңгілік бағдар.Түркісіб – елдің еңсесін көтерген темір арқау, тарихтың тағылымы мен халық еңбегінің даңқ ескерткіші.

Ұлмекен ӘЛІМАМБЕТОВА,
Алматы облысы мемлекеттік архивінің құжаттарды сақтау және есепке алу бөлімінің қызметкері

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Балаға екпе салғанға дейін және салғаннан кейін не білу керек?

Баланың денсаулығы - ата-ана үшін ең маңызды мәселе. Екпе (вакцинация) - баланы қауіпті жұқпалы аурулардан қорғаудың ең тиімді жолы. Процедура сәтті өтіп, бала өзін жақсы сезінуі үшін бірнеше маңызды ережелер білген жөн.

- Балаға екпе егу: Ата-анаға арналған нұсқаулық
- 1. Екпеге дейін: Дайындық кезеңі
- Екпе салар алдында баланың жағдайын мұқият бақылау қажет. Негізгі қадамдар:
 - * Дәрігердің тексеруі: Екпе алдында педиатр баланы міндетті түрде қарауы тиіс. Дене қызуын өлшеп, тамағы мен тыныс алуын тексереді.
 - * Денсаулық жағдайы: Бала толықтай сау болуы керек. Егер соңғы екі аптада бала ауырса немесе созылмалы ауруы қозып тұрса, екпені кейінге қалдыра түру қажет.
 - * Аллергия: Егер баланың қандай да бір дәріге немесе тағамға аллергиясы болса, бұл туралы дәрігерге алдын ала ескертіңіз.
 - * Тамақтану және күтім: Екпе алдында жаңа тағам түрлерін (прикорм) енгізбеген дұрыс. Баланың іші қатпағанына және суды жеткілікті ішкеніне көз жеткізіңіз.
 - 2. Екпеден кейін: Алғашқы сағаттар мен күндер

Екпе салынғаннан кейінгі күтім оның тиімділігі мен баланың жайлылығы үшін өте маңызды:

- * Клиникада күте тұру: Екпеден кейін бірден үйге кетпеңіз. 20-30 минут медициналық мекеменің маңында болыңыз. Бұл сирек кездесетін жедел аллергиялық реакциялар орын алған жағдайда көмек алу үшін қажет.
- * Дене қызуын бақылау: Екпеден кейін дене қызуының көтерілуі - ағзаның имунитет қалыптастырудағы қалыпты реакциясы. Егер қызу 38°C-тан асса, дәрігер бақылауға қызу түсіретін дәрілерді (парацетамол немесе ибупрофен негізіндегі) беруге болады.
- * Екпе орны: Салынған жерді суламуға, қажаматуға және сыртына ештеңе жапсырмауға (пластырь, компресс) тырысыңыз.
- * Тәртіп: Баланы артық күйзеліске түсірмеңіз. Тыныш ойындар ойнап, таза ауада серуендеу пайдалы (егер баланың қызуы болмаса).
- 3. Қашан дәрігерге хабарласу керек?
 - Төмендегі белгілер байқалса, дереу педиатрмен кеңесіңіз немесе жедел жәрдем шақырыңыз:
 - * Дене қызуы 39-40°C-қа дейін көтеріліп, дәрімен түспесе;
 - * Бала тоқтаусыз жыласа немесе тын еңжар болып кетсе;
 - * Денесіне бөртпе шықса немесе тыныс алуы қиындаса;
 - * Екпе салған жер қатты ісіп, қызаруы 5-8 см-ден асып кетсе.
 - Екпе - бұл баланың болашақ саулығына жасалған инвестиция. Ең бастысы - сабырлы болу және дәрігердің кеңестерін бұзбайтын орындау. Баланың денсаулығын бақылауға қызығуы болмаса).

Ескерту: Бұл ақпарат таныстыру мақсатында берілген. Кез келген медициналық шешім қабылдау алдында маманмен кеңесіңіз.

Ауа-тамшылы инфекцияларының жиілігі туралы.

Ауа-тамшылы инфекциялар — адамнан адамға ауа арқылы таралатын жұқпалы аурулар тобы. Бұл инфекциялар қоғамдық денсаулық сақтау саласында маңызды орын алады, себебі олар тез таралып, эпидемия тудыруы мүмкін. Әсіресе балалар, қарттар және имунитеті әлсіз адамдар арасында жиі кездеседі.

Ауа-тамшылы жолмен таралатын негізгі ауруларға мыналар жатады: Қызылша, Тұмау, Желшешек, Көкжөтел, Туберкулез т.б.

Бұл аурулар жөтелгенде, түшкіргенде немесе сөйлескенде бөлінетін ұсақ тамшылар арқылы таралады.

Ауа-тамшылы инфекциялар бүкіл әлемде ең жиі кездесетін жұқпалы аурулардың қатарына жатады. Олардың жиілігі келесі факторларға байланысты:

- Маусымдық - Көптеген инфекциялар күз-қыс мезгілінде жиі тіркеледі. Мысалы, Тұмау эпидемиялары көбінесе осы кезеңде болады.
- Халық тығыздығы - Мектептерде, балабақшаларда, қоғамдық орындарда инфекция тез таралады.
- Вакцинация деңгейі - Егер халық арасында вакцинация

қамтылуы төмен болса, Қызылша сияқты аурулардың өршуі жиілейді.

- Имунитет деңгейі - Балалар мен қарт адамдарда ауру жиілігі жоғары болады.
- Статистикалық мәліметтер (жалпы)
 - Жедел респираторлық инфекциялар (ЖРИ) барлық жұқпалы аурулардың 70-90%-ын құрайды.
 - Балалар арасында ауа-тамшылы инфекциялар ең жиі кездесетін аурулар болып табылады.
 - Эпидемия кезінде бір науқас бірнеше адамға жұқтыруы мүмкін (жоғары контагиоздылық).
 - Ауа-тамшылы инфекциялардың жиілігін төмендету үшін келесі шаралар маңызды:
 - Вакцинация жүргізу;
 - Қол гигиенасын сақтау;
 - Маска тағу (эпидемия кезінде);
 - Бөлмені жиі желдету;
 - Ауру адамдармен байланыс шектеу.
 - Ауа-тамшылы инфекциялар — кең таралған және қоғамдық денсаулыққа үлкен қауіп төндіретін аурулар тобы. Олардың жиілігі көптеген факторларға байланысты өзгеріп отырады. Уақытлы профилактика мен вакцинация жүргізу арқылы бұл инфекциялардың таралуын айтарлықтай азайтуға болады.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

<p>АЛАТАУ Ардагері</p> <p>Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады</p> <p>ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы Директор: Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ</p>	<p>БАС РЕДАКТОР: Роза Айдарбекова Тел.: 8 777 251 9310</p> <p>ТІЛШІЛЕР: Алтынбай Сиқымбек Тел.: 8 705 965 3661</p> <p>Рамазан Елешев Тел.: 8 747 706 1334</p>	<p>Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.</p> <p>«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.</p> <p>Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады</p> <p>Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.</p>	<p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.</p> <p>Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.</p> <p>МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1. «Алатау ардагері» газеті басылымның бүгінгі санның таралымы – 8500 Тапсырыс №812 Индексі – 65472.</p>
--	---	--	---